

Отзыв

на диссертационную работу Ахметжановой Гульдарай Адильхановны по теме «Педагогические условия формирования информационно-методической компетентности обучающихся профессионального обучения» представленной на соискание степени доктора философии (PhD) по специальности 6D012000-«Профессиональное обучение»

Сегодня перед системой образования в Республике Казахстан стоит важная задача - подготовка высококвалифицированных специалистов по всем направлениям профессиональной деятельности и педагогических кадров в том числе. Одним из решений данной задачи может быть подготовка педагогов для профессиональных образовательных учреждений, имеющих соответствующий уровень педагогического мышления, необходимых знаний о методологии, технологии и организации учебно-воспитательного процесса.

Представленная диссертация на соискание степени доктора философии (PhD) посвящена одной из сложных проблем современной педагогической науки — формированию информационно-методической компетентности обучающихся образовательной программы «Профессиональное обучение» в условиях цифровизации общества.

Актуальность исследования обусловлена глобальными процессами информатизации и цифровизации системы образования, внедрением электронных образовательных ресурсов, развитием образовательных платформ, а также стремительным распространением технологий искусственного интеллекта в профессиональном образовательном пространстве. В этих условиях существенно возрастает потребность в специалистах, способных эффективно применять современные технологии обучения, аналитические инструменты обработки данных и современные методы организации цифровой образовательной среды.

Следует отметить, что формирование информационно-методической компетентности остается недостаточно изученным в педагогической теории и практике. Особенно в контексте подготовки будущих педагогов профессионального обучения, которое необходимо для овладения как методическими, так и современными информационно-технологическими инструментами педагогической деятельности.

Автор диссертации глубоко и всесторонне раскрывает теоретико-методологические основы формирования информационно-методической компетентности обучающихся профессионального обучения, определяет её структуру, компоненты и уровни сформированности, а также обосновывает педагогические условия её эффективного развития в условиях цифровизации образовательного процесса.

Диссертационная работа состоит из введения, 3 глав, заключения, списка использованной литературы и приложений. Выполненный анализ

отечественных и зарубежных источников способствовал уточнению понятий «компетенция», «компетентность», «профессиональная компетентность», «информационно-методическая компетентность», выявлению теоретических основ формирования профессиональной компетентности выпускника в системе образования.

Научную новизну работы представляет разработанная модель формирования информационно-методической компетентности обучающихся, ориентированная на интеграцию цифровых образовательных технологий, инструментов искусственного интеллекта, электронных методических ресурсов и инновационных педагогических подходов. Особую ценность имеет предложенная система диагностики уровней сформированности компетентности, позволяющая объективно оценивать динамику профессионального развития будущих педагогов профессионального обучения.

Практическая значимость исследования заключается в разработке методических рекомендаций, цифровых учебно-методических материалов, диагностических инструментов, которые могут быть эффективно использованы в образовательном процессе вузов, реализующих программы профессионального обучения, а также в системе повышения квалификации педагогических кадров.

В ходе эксперимента при формировании педагогических условий и технологии обучения использовалась ориентировочная основа для осуществления системного подхода к организации и реализации познавательной и практической деятельности. Наличие четкой и максимально полной ориентировки способствует обеспечению качества, эффективности и результативности действий автора диссертации. В целом ориентировочная основа осуществляемой и предстоящей (профессиональной) деятельности субъекта может рассматриваться как определенный инвариант его профессиональной компетентности.

Важными показателями диссертационного исследования стали разработка теоретической модели педагогических условий формирования информационно-методической компетентности обучающегося и разработка концепции формирования информационно-методической компетентности обучающихся на базе НАО «Карагандинского национального исследовательского университета имени Е.А. Букетова».


Результаты исследования обладают теоретической и практической значимостью, они нашли отражение в 16 публикациях, из них статьи: рекомендованные комитетом по обеспечению качества в сфере образования и науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, входящие в международную базу Scopus с ненулевым импакт-фактором, а также в сборниках материалов международных и республиканских научно-практических конференций; учебное пособие; электронные учебники.

В целом диссертационная работа характеризуется высокой научной новизной, методологической обоснованностью, логической завершенностью и практической направленностью. Полученные результаты имеют


существенное значение для развития теории и методики профессионального педагогического образования в условиях цифровой трансформации общества.

Диссертационное исследование является законченной, самостоятельной, логически выстроенной работой. Автор работы – Ахметжанова Гульдарай Адильхановна - заслуживает присуждения ей искомой степени доктора философии (PhD) по специальности 6D012000 - «Профессиональное обучение».

Зарубежный научный консультант,
доктор педагогических наук, профессор
кафедры теории и методики специального
образования Гродненского государственного
университета им.Я.Купалы



В.П. Тарантей



Ахметжанова Гульдарай Адильхановнаның
«Кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін
қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбы бойынша
6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығының философия докторы (PhD)
дәрежесін алуға ұсынылған диссертациялық жұмысына

ІШКІР

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі алдында маңызды міндет тұр, ол – кәсіби қызметтің барлық бағыттары бойынша жоғары құзыретті мамандар мен педагог кадрларды даярлау. Бұл міндетті шешудің негізгі жолдарының бірі – педагогикалық ойлау деңгейі тиісті дәрежеде қалыптасқан, кәсіби білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие үдерісін жүзеге асыруға қажетті әдістемелік, технологиялық және ұйымдастырушылық білім, білік пен дағдыларды меңгерген педагогтарды даярлау болып табылады.

Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған бұл диссертациялық жұмыс педагогика ғылымындағы өзекті, әрі күрделі мәселелердің бірі — қоғамды цифрландыру жағдайында «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне арналған.

Зерттеудің өзектілігі білім беру жүйесін ақпараттандыру мен цифрландырудың жаһандық процестеріне, электрондық білім беру ресурстарын енгізуге, білім беру платформаларының дамуына, сондай-ақ кәсіптік білім беру кеңістігінде жасанды интеллект технологияларының қарқынмен таралуына байланысты. Бұл жағдайда заманауи оқыту технологияларын, деректерді өңдеудің аналитикалық құралдарын және цифрлық білім беру ортасын ұйымдастырудың заманауи әдістерін тиімді қолдана білетін мамандарға деген қажеттілік біршама артады.

Ақпараттық-әдістемелік құзыреттілікті қалыптастыру педагогикалық теория мен практикада жеткіліксіз зерттелгенін атап өткен жөн. Әсіресе, педагогикалық қызметтің әдістемелік негіздері мен заманауи ақпараттық-технологиялық құралдарын меңгеруге бағытталған болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын даярлау мәселесі де жеткілікті деңгейде зерттелмеген.

Диссертация авторы кәсіптік білім алушылардың ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін терең және жан-жақты ашады, оның құрылымын, компоненттері мен қалыптасу деңгейлерін анықтайды, сондай-ақ білім беру үдерісін цифрландыру жағдайында оның тиімді дамуының педагогикалық шарттарын негіздейді.

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, 3 тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Орындалған отандық және шетелдік дереккөздерді талдау «құзырет», «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік», «ақпараттық-әдістемелік құзыреттілік» түсініктерін нақтылауға, білім беру жүйесінде түлектің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздерін анықтауға жол ашады.

Жұмыстың ғылыми жаңалығын цифрлық білім беру технологияларын, жасанды интеллект құралдарын, электрондық әдістемелік ресурстарды және инновациялық педагогикалық тәсілдерді біріктіруге бағытталған білім алушылардың ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруда әзірленген моделі көрсетеді. Ерекше маңызға болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби даму динамикасын объективті бағалауға мүмкіндік беретін құзыреттіліктің қалыптасу деңгейлерін диагностикалаудың ұсынылған жүйесіне ие.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы әзірленген әдістемелік ұсыныстарды, цифрлық оқу-әдістемелік материалдар мен диагностикалық құралдарды кәсіптік оқыту бағдарламаларын іске асыратын жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде, сондай-ақ педагог кадрлардың біліктілігі мен құзыреттілігін арттыру жүйесінде тиімді қолдану мүмкіндігімен айқындалады.

Эксперимент барысында педагогикалық талаптар мен оқыту технологиясын қалыптастыру кезінде танымдық және практикалық қызметті ұйымдастыруға, жүйелі тәсілдемені жүзеге асырудың болжамды негізі қолданылды. Диссертация авторы қызметінің сапасын нақты әрі жан-жақты бағдарлау оның тиімділігі мен нәтижелілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, тұлғаның жүзеге асырылып отырған және болашақтағы кәсіби қызметінің негізі оның кәсіби құзыреттілігінің маңызды тұрақты құрамы ретінде қарастырылады.

Диссертациялық зерттеудің маңызды көрсеткіштері білім алушының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық жағдайларының теориялық моделін және «Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ базасында білім алушылардың ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру тұжырымдамасын әзірлеу болды.

Зерттеу нәтижелері теориялық және практикалық маңыздылыққа ие, олар 15 басылымда көрініс тапты, оның ішінде: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің білім беру және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған, нөлдік емес импакт-факторы бар Scopus халықаралық базасына, сондай-ақ халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарының жинақтарына кіретін мақалалар; оқу құралы; электрондық оқулықтар бар.

Жалпы, диссертациялық жұмыс жоғары ғылыми жаңалығымен, әдіснамалық негізділігімен, логикалық аяқталуымен және практикалық бағытымен сипатталады. Алынған нәтижелер қоғамның цифрлық түрлену жағдайында кәсіптік педагогикалық білім берудің теориясы мен әдістемесін дамыту үшін елеулі маңызға ие.

Диссертациялық зерттеу аяқталған, дербес, логикалық тұрғыдан құрылған жұмыс болып табылады. Жұмыс авторы – Ахметжанова Гүлдарай Адильхановна 6D012000 «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша оған философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты.

Шетелдік ғылыми кеңесші,
педагогика ғылымдарының докторы,
Я. Купала атындағы
Гродно мемлекеттік университетінің
Арнайы білім беру теориясы мен
әдістемесі кафедрасының профессоры

В.П. Тарантей

Мөртабан: ҚОЛТАҢБАНЫ КУӘЛАНДЫРАМЫН. «Янка Купала
атындағы Гродно мемлекеттік университеті» білім беру мекемесінің
қызметкерлерді басқару бөлімінің бастығы қолы С.В. Нестерович.
03.03.2023 ж.

АУДАРМАНЫ РАСТАУ

Орыс тілінен қазақ тіліне аударманы «I-translate» ЖК аудармашысы
Башар Айгерім Нұрмыханбетқызы жасаған.

Мен, Башар Айгерім Нұрмыханбетқызы жасалған аударманың
дұрыстығы мен түпнұсқаға сәйкестігін растаймын.



Айгерім Башар Нұрмыханбетқызы

Двадцать восьмое мая две тысячи двадцать шестого года, я, Итжан Ахмет, нотариус нотариального округа Карагандинской области, лицензия № 18000686 от 16 января 2018 года, выдана Министерством Юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи переводчика Башар Айгерім Нұрмыханбетқызы.

Личность переводчика установлена, дееспособность и полномочия проверены.

Зарегистрировано в реестре за № 1036

Взыскано: 2292 тенге

Нотариус



ПРОШУРОВАННО, ПРОНУМЕРОВАННО
И СЕРТИФИЦИРОВАНО
СТРАНИЦ
ПОДПИСЬ



ST7805970260528161617F90251A

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия